

Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 маусымдағы N 512 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті Январцев ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Январцев орман мекемесі) орман қоры жерінен алаңы 2,76 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жер санатына ауыстырылсын.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін "Бірлік" бірыңғай бақылау-өткізу пунктін салуға "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мекеме) беруді қамтамасыз етсін.

3. Мекеме қолданыстағы заңнамаға сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған сүректі Январцев орман мекемесінің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі